Озат school жеке мектебінің 2024-2025 оқу жылында жүргізілген тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар есебі

«Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы–ұлттық,адами құндылықтарға негізделген.Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген,әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

Ай сайын өткізілетін тұрақты іс-шаралар білім алушылардың біртұтас тұлғасын қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

Қыркүйек – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Қазан айы – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Қараша айы – әділдік және жауапкершілік айы;
Желтоқсан – бірлік және ынтымақ айы;
Қаңтар – заң және тәртіп айы;
Ақпан – жасампаздық және жаңашылдық айы;
Наурыз – тәуелсіздік және отаншылдық айы;
Сәуір – еңбекқорлық және кәсіби біліктілік айы;
Мамыр – бірлік және ынтымақ айы.

Құндылықтарды қалыптастырудағы жүйелі және кешенді жұмыс оқу-тәрбие процесінде күн сайын және апта сайын іске асырылатын іс-шараларды қамтиды:

<u>күнделікті:</u>

«Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» – үзіліс кезінде білім алушылардың бос уақытын ойын түрінде ұйымдастыру – асық, тоғызқұмалақ, бес тас және т.б.

«Өнегелі 15 минут» – ата-аналардың баласымен мінез-құлық және адамгершілік туралы күнделікті 15 минут жеке әңгімелесуі.

«Үнемді тұтыну» – жадынамалар, нұсқаулықтар мен парақшалар арқылы суды, тамақты, энергияны және табиғи ресурстарды үнемді тұтынуды және іс-әрекет барысында табиғи ресурстарға (су, энергия және т.б.) ұқыпты қарауды қалыптастыру.

«Күй күмбірі» – қоңыраудың орнына күйді пайдалану, сондай-ақ үлкен үзіліс кезінде арнайы күй тыңдату.

<u>апта сайын:</u>

«Менің Қазақстаным» – оқу аптасының басында бірінші сабақта білім алушылар Қазақстан Республикасының Әнұранын орындайды.

Аптаның дәйексөздері – бүкіл ұйымның сабақта және сабақтан тыс іс-әрекетінің лейтмотиві ретінде қызмет ететін мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, халық даналығы, ұлы тұлғалардың ұлағатты сөздері. Аптаның дәйексөздері ақпараттық стендтерде, Led-экрандарда, тақталарда және т.б. орналастырылады.

«Қауіпсіздік сабағы» – жол қозғалысы ережелерін, өмір қауіпсіздігі негіздерін зерделеу, білім алушылардың жеке қауіпсіздігін, қауіпсіз мінез-құлқын және т.б. сақтауы туралы сынып сағаты шеңберінде 10 минут ақпарат беру, әңгіме өткізу.

Жылдық жоспарға сынып жетекшілері,оқушыла, педагог психолог, ата-аналар қоғамдық ұйымдармен бірлесіп атқаратын жұмыстардың мазмұны енгізілген.
Мектепте 1-4 сыныптарда 9 сынып контингенті жұмыс жасайды.

Сынып жетекшілердің сандық және сапалық құрамы

Оқу жылдары	Сынып жетекшілері саны	Санаты бойынша				
		педагог-шебер	педагог-зерттеуші	педагог-сарапшы	педагог-модератор	санатсыз

2024-2025	9	0	2	1	3	10

2024-2025 оқу жылындағы 142 оқушы білім алды. Сынып бұрыштары жасалып, бекітілген.

Мектеп оқушыларының отбасының әлеуметтік жағдайын зерттеу жұмыстары жүргізіліп, төмендегі отбасы балаларының санаты анықталды

№	Оқушы саны	Аз қамтылған отбасы балалары	Толық емес отбасы	Оның ішінде		Өгей әке отбасында тәрбиеленіп отырған бала саны	Өгей ана тәрбиеленіп отырған бала саны	Көп балалы	Жалдамалы пәтерде тұратын	Жетім ата-ана қамқорлығынан айырылған балалар саны
				Ата-анасының бірі қайтыс болған	Сәтсіз отбасы					
1	142	2	29	3	-	-	-	35	2	2

Оқушылардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру жұмыстары мектептен тыс үйірмелерге 32 оқушы қатысуы.

Пәндік үйірмелер мен секциялардың жұмыс жоспары жасалып, өткізу күндері кестеге сәйкес бекітілген.

№	Мектепішілік спорттық секциямен қамтылған оқушы саны	Мектепішілік пәндік бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушы саны	Мектепішілік өнер бағытындағы /вокал,домбыра, би т.б./ үйірмелермен қамтылған оқушылар саны	Мектептен тыс спорттық секцияға қатысатын оқушы саны	Мектептен тыс оқу пәндік бағытындағы үйірмелермен қамтылған оқушы саны	Мектептен тыс өнер бағытындағы /би,вокал т.б./ үйірмелермен қамтылған оқушылар саны
1	85	142	130	130	20	15

2024-2025 оқу жылында жүргізілген тәрбие бағыттары бойынша атқарылған жұмыстар:

Тәрбие жұмысының мақсаты: Тәрбие жұмысында тәрбиенің жаңа әдіс-тәсілдерін қолдану арқылы өзін-өзі тани алатын,өзін-өзі басқара алатын,интелектуалды дамыған адамгершілігі мол, мәдениетті, отансүйгіш тұлға тәрбиелеу.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасы»–ұлттық,адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіскұндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.Тәрбие жұмысының мазмұны, түрлері мен әдістемелері; педагогикалық кеңесте, алдын алу кеңесінде, сынып жетекшілер кеңесінде, ата-аналар комитеті отырысында тәрбие жұмысының мәселесін қарау, тәрбие жұмысының нәтижелігін қарастыру.Мектепішілік тәрбие үрдісін дамыту және ұйымдастыру, оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау, заңға мойынсұнушылық мінез-құлқын қалыптастыру, құқық бұзушылықтың алдын алу, Қазақстан Республикасының 2007жылғы 27шілдедегі №319-III Үздіксіз білім беру жүйесіндегі тәрбие тұжырымдамасын жүзеге асыру мақсатында мектепішілік тәрбие үрдісін реттейтін локальді тәрбие жоспары әзірленіп бекітілді. ҚР 2007 жылғы 27 шілдедегі №319-III «Білім туралы» Заңының 49- бабы, ҚР 2011 жылғы 26 желтоқсандағы № 518-IV «Неке және отбасы туралы» кодексінің 68, 69, 70, 71, 72, 73,74 баптары, ҚР 2001 жылғы 30 қаңтардағы №155-II мектепішілк «Сынып ата-аналар жиналысы туралы ереже», «Ата-аналар комитетінің ережесі» локальді құжаттарын басшылыққа ала отырып, ата-аналарды мектеп өміріне белсенді тартуға бағытталған іс-шаралар мектепішілік және сыныптық ата-аналар комитетінің жұмыс жоспарлары есебінде жүргізіліп, әр тоқсан сайын,сынып ата-аналар комитеті жиналысында балалардың жас ерекшелік психологиясы аясында тақырыптық әңгімелесу, кеңесу, тренингтер жүргізілген, сауалнамалар алынды. Сыныптарға сынып жетекшілерді бекіту әр жылғы педагогикалық кеңесте қаралып, бұйрықтар шығарылған. Әр сынып жетекшілерінің жылдық жұмыс жоспары бекітілген. Сынып жетекшілерінің партфолиосы жинақталған.

Оқушылар бос уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында мектепішілік 7 түрлі үйірме жұмыс жасайды.

1 Би үйірмесі: Тінекей Жансая - 85 оқушы

2. Домбыра үйірмесі: Досқали Дәулет - 25 оқушы

3 Вокал үйірмесі: Орынбетова Айнұр - 35 оқушы

4. Робототехника үйірмесі: Бодық Таңшолпан - 95 оқушы

5.Таэквандо жетекшісі: Серік Мендешұлы - 30 оқушы

6 Шахмат үйірмесі – Әзілхан Даир - 45 оқушы

7 Ағылшын үйірмесі – Ермағанбетова Жансая -140 оқушы

Жалпы үйірмеге 100% оқушы қамтылған.

«1 қыркүйек Білім күніне» байланысты іс-шара жоспары жасалынып, жұмыстар атқарылды. Бала үшін де, ата-ана мен мұғалім үшін де дәстүрлі форматтан артық ештеңе жоқ . Мектебімізге 40 оқушы 1- ші сыныпқа қабылданды .Оқушылар тақпақ айтып,би билеп ата-аналар ыстық лебіздерін білдірді.








«Біз жолдағы қауіпсіздікті қолдаймыз» тақырыбында онлайн сурет байқауы өткізілді! Байқау барысында мектеп инспекторы мен Қозғалыстың жас инспекторлары жасағы оқушыларға түсіндірме жұмыстарын жүргізіп, жолда жүрі ережелерімен таныстырды.







Оқуға құштар мектеп жобасы жоспарына сәйкес "Бабалар күні"акциясы, **«Бір ел–бір кітап»** республикалық акциясы аясында қазақ әдебиетінің қазыналы туындыларын насихаттау,оқу мәдениетін қолдау және дамыту,жастарды рухани және патриоттық тәрбиеге баулу мақсатында кітап оқу, насихаттау шаралары жүргізілуде. "Оқуға құштар мектеп" жобасы жаңа оқу жылының жоспарына сай жұмысын жалғастырады.






«Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында, «Отбасы күніне» орай ұйымдастырылған **«Кітап – отбасы құндылығы»** атты 2-сынып оқушылар аралығында отбасылық оқу сайысы болып өтті. Сайыстың мақсаты: баланы терең ой мен саналы білімге жеткізуде кітаптың алатын орнын түсіндіру; кітапты оқып, баланың жүрегіне жеткізудегі ата-ананың рөлін таныту;баланың кітап оқуына басшылық жасау, дағдыларын қалыптастыруда ата-ана тарапынан көмек көрсету.












Ұстаз – шәкірт жүрегіне білімнің шырағын жағып, ізгілік пен адамгершіліктің дәнін себетін, ұрпақ болашағына бағыт-бағдар беретін ардақты тұлға. Ұстаз еңбегі – өлшеусіз, өнегесі – мәңгілік. Мектебімізде осынау ұлағатты мамандық иелеріне құрмет көрсету мақсатында мектебімізде **«Ұстазға тағзым»** атты мерекелік шара ұйымдастырылды. Мерекелік кеш барысында шәкірттер ұстаздарына деген ыстық ықыласы мен алғысын жүрекжарды жырлары, әсем әндері және әсерлі көріністері арқылы жеткізді. Әрбір өнер нөмірі ұстаз еңбегіне деген құрметті айшықтап, көрермендерге көтеріңкі көңіл күй сыйлады.









25 қазан - Республика күні мерекесі білім ошағында ерекше аталып өтті. Елімізге еркіндік сыйлаған Ұлы күнде көк туымыз асқақ желбіреп, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Гимні шырқалды. Адамзат тарихында қилы-қиямет оқиғалармен, дүбірлі даму үрдісімен ерекше орын алған өз Отанының патриоты болуға, ата-анасын құрметтеуге, білімге табандылықпен ұмтылуға ұстаздар қауымының алдында ант берді.







3 б сынып жетекшісі Р.Турсунбаева **«Тәуелсіздік негізі-бірлік және ынтымақ»** тақырыбында сынып сағатын өткізді. Оқушыларға тәуелсіздік ұғымын, бірлік пен ынтымақ ел тыныштығы мен қауіпсіздігін сақтаудың мәнін түсіндірді.






«Ұшқыр ой алаңы» жобасы аясында Д. Әзілханның ұйымдастыруымен 4 – сыныптар аралығында сайыс өткізді. Мақсаты :Әлемдік және ұлттық спорт оқиғалары туралы білімін кеңейту, жылдам ойлау, логика және командалық жұмыс дағдыларын дамыту.


«SMART BALA» жобасы аясында **«Өнертапқыштыққа алғашқы қадам»** тақырыбында 2-сыныптар аралығында байқау өткізілді.Байқаудың мақсаты Жасанды интелект құралдарын пайдаланып , практикалық жабалар жасау, командылық жұмыс жағдаларын дамыту.





Жалпы мектеп ұжымы оқушылардың сыныптан тыс жұмыстарға және спорттық сайыстарға қатысуын тиімді ұйымдастыра біледі.«Жол қозғалысы ережелерін білу - қауіпсіздік негізі» атты жолда жүру ережелеріне байланысты жүргізілетін іс-шаралар жоспарына сәйкес жүргізілген. «**Абайлаңыз, балақай!»** тақырыбында бастауыш сынып оқушыларына жол өткелдерінен, жаяу жүргіншілер жолағынан өтуге үйрету, жолда өздерін ұстауға дағдыландыру жұмыстары жүргізілді.





Оқушыларымен **«Көңілді үзіліс»** ұйымдастырылды. Мақсаты – сабақ уақытындағы үзілісті тиімді пайдалану, оқушылар арасындағы өзара ұйымшылдықты арттыру, сананы сергітіп, жаңа күйге түсіру. «Көңілді үзіліс» уақытында «Жұмсақ шеңбер» ойыны, «Өрмекші торы», «Шатаспақ» сынды ойындар ойнатылып, сұрақ-жауаптар арқылы балалар арасында жағымды көңіл-күй, жақсы қарым-қатынас орын алды.









Наурыз – жаңару мен жасампаздықтың, береке мен бірліктің бастауы. Осы айтулы мерекеге орай мектебіміздің 1-4 сынып оқушыларының қатысуымен тағылымы мол мерекелік **«Қош келдің Әз Наурыз»** атты кеш ұйымдастырылды. Кештің басты мақсаты – оқушыларға қазақ халқының ұлттық салт-дәстүрлерін кеңінен таныстырып, ғасырлардан жалғасқан асыл мұраларымызды дәріптеу. Сонымен қатар жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіріп, елін, жерін және дәстүрін құрметтеуге баулу. Шара барысында оқушылар ұлттық әндер орындап, мың бұралған билерін ұсынып, күмбірлеген күй мсахналық қойылымдар арқылы көрермендерге көтеріңкі көңіл-күй сыйлады. Мерекелік бағдарлама халқымыздың бай мәдениеті мен ұлттық болмысын айшықтай түсті.






Мектебімізде **12 сәуір – Халықаралық ғарышкерлер күніне** орай 1 Ә сынып жетекшісі А.Мадияр сынып сағатын өткізді. Мақсаты оқушылардың танымдық қызығушылығын арттыру, ғарыш әлемінің сырларымен таныстыру және отандық ғарышкерлеріміздің ерлігін дәріптеу. Сынып сағаты барысында оқушылар ғарыштың тылсым әлемі, ғарышты игеру тарихы және қазақтан шыққан ғарышкерлер туралы тың мәліметтермен танысты. Түрлі қызықты сұрақтар, викториналар мен танымдық тапсырмалар арқылы оқушылар өз білімдерін толықтырып, ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттырды. Сабақ барысында ғарыш – шексіз қиял мен үлкен

мүмкіндіктер әлемі екені айтылып, оқушыларды білімге ұмтылуға, арманын биік коюға және ғылымға қызығушылық танытуға үндеді.







Мектеп пен ата-ана – бала болашағының қос қанаты

Ата-аналарға арналған Ашық есік күні өтті. Бұл күн – ата-аналарға баласының мектептегі өмірімен жақынырақ танысып, оқу-тәрбие үдерісіне етене араласуға мүмкіндік берген маңызды шара болды.

Ата-аналар:

Балаларының сабақтарына қатысты.

Спорттық, шығармашылық, техникалық үйірмелермен танысты.

Жасанды интеллект негізіндегі жаңа форматтағы сабақтарға қатысып, жаңашыл білім беру үлгілерін көрді. Жиналысқа келген ата-аналар мектеп әкімшілігі тарапына өз көкейтесті сұрақтарын қойып тұщымды жауаптар алды.Ата-аналар жиналысы барысында тұрғынжайдан тыс жерде жүрмеуін ата-аналарға жеткізу,мектептің ішкі тәртіп ережесін қатаң сақтау,әлеуметтік желілердегі балалардың іс-әрекетін ата-ана бақылауы жөнінде ұсыныстар айтылды. Шара аясында ата-аналар тарапынан қойылған сұрақтарға нақты жауаптар беріліп түсіндірілді











«Мен оқыған кітапты, сен де оқы» тақырыбында шара ұйымдастырылды. Адамзаттың ұлы байлығының бірі – кітап. Ол – адамның көп ғасырлық ақыл-ойының жемісі. Кітапты талғап та таңдап оқи алу, оны терең түсіну, содан алған әсерді қажетке жарату – әркімнің білік-білімін, пайым-парасатын айқындайтын алғышарттардың бірі де бірегейі. Кітап – қазына және оқырманның асып-тасымайтын асыл досы. Өйткені, онымен шын «дос» болған кісінің ой-өрісі кең, сөз мәдениеті жоғары болары сөзсіз. Кез келген елдің тарихын, жүріп өткен жолын баян ететін де сол кітап. Сол себепті мектебіміздің кезекші сыныптарындағы мектеп табалдырығын биыл аттаған оқушыларға мектеп кітапханасы және мектеп кітапханасындағы кітаптармен таныстыру, оқушылардың кітапқа ,оқуға қызығушылығын арттыру мақсатында «Кітапханаға саяхат» ұйымдастырылды.





ЕРЛІК ПЕН ЕҢБЕК ҰЛЫҚТАЛҒАН КҮН!

Мектебімізде **7 мамыр – Отан қорғаушылар күні** мен **9 мамыр – Жеңіс күніне** арналған тағылымы мол, тәрбиелік мәні зор мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік кеш барысында оқушыларымыз елге деген сүйіспеншілігін, Отанға деген ыстық ықыласын өнер арқылы жеткізді. Патриоттық әндер шырқалып, билер орындалып, сахна төрінде әсерлі көріністер ұсынылды. Әрбір өнер нөмірі көрермен көңілінен шығып, ерекше әсер мен көтеріңкі көңіл күй сыйлады. Шараның негізгі мақсаты – ел тыныштығы мен бейбіт өмір жолында ерлік көрсеткен аға буынның өнегелі жолын дәріптеу, батырларымыздың есімін ұлықтау және жас ұрпақтың бойына отансүйгіштік, елжандылық қасиеттерді сіңіру. Бейбіт күннің қадірін түсініп, елін сүйген ұрпақ тәрбиелеу – баршамыздың ортақ міндетіміз. Мерекелік шара жүректерге жылу сыйлап, жарқын естеліктерге толы ерекше кешке айналды.











